



哈萨克中国银行
АҚ ЕБ «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ»
АО ДБ «БАНК КИТАЯ В КАЗАХСТАНЕ»

«Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ
Директорлар кеңесінің
2026 жылғы «21» шілде
№ 2026-31 шешімімен бекітілді

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ» АҚ ЕБ БАНКТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ
ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ
ҚАҒИДАСЫ**

Алматы 2026

МАЗМҰНЫ:

Тарау	Атауы	Парақ №
1	Жалпы ережелер	3
2	Терминдер мен анықтамалар	5
3	Банк жүзеге асыратын операциялар	8
4	Банктік операциялар мен қызметтердің шекті параметрлері	9
5	Салым бойынша сыйақы мен қарыздар (депозиттер)төлеу шарттары	9
6	Салымдарды (Депозиттерді) қабылдауға байланысты қаржы өнімдерін ұсыну шарттары, оның ішінде банктік салым шарттарын жасасудың тәртібі мен мерзімдері, сыйақыны есепке жазу мен төлеу шарттары, сондай-ақ мерзімінен бұрын бұзу шарттары мен тәртібі	9
7	Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар	12
8	Банктік қызметтерді ұсыну процесінде туындайтын банктік қызметтерді тұтынушылардың жолданымдарын қарау тәртібі	14
9	Банктің және банк қызметтерін тұтынушының құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі	16
10	Банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі	18
11	Корреспонденттік шоттарды ашу және жүргізу	20
12	Банктік қарыз операцияларына байланысты қаржы өнімдерін ұсыну шарттары, оның ішінде банктік қызметтерді тұтынушы үшін қарыздың жарамдылығына бағалау жүргізу тәртібі, шартты жасасу, өзгерту және бұзу тәртібі мен мерзімдері, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсіліне қойылатын талаптар, қарызды ұсыну және өтеу тәртібі, төлем қабілеті жоқ банктік қызметтерді тұтынушымен (қарыз алушымен) өзара іс-қимыл жасау тәртібі, соның ішінде Кепіл нысанасынан өндіріп алуды қолдану процедуралары	21
13	Банктік кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша жалпы талаптар	23
14	Банктік қызметтерді тұтынушылармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі	23
15	Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына банктік қызметтерді ұсыну ерекшеліктері	24
16	Қорытынды ережелер	25
17	Қосымшалар	26

1 Тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ банктік операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы осы Қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) ҚР заңнамасына, «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ Жарғысына (бұдан әрі – Банк) және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банктік құпияның нысаны болуы мүмкін емес. Банк Қағидаларды өзінің корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырады және клиенттердің бірінші талабы бойынша оларды танысу үшін ұсынады.

3. Банк ҚР заңнамасына сәйкес құрылған және ҚР уәкілетті органы берген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған әмбебап банк лицензиясы негізінде қызметін жүзеге асырады. Әмбебап банк лицензиясы негізінде жүзеге асырылатын қызметтен басқа, Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында көзделген қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыруға құқылы.»

4. Банк ҚР аумағындағы қызметін бас кеңсесі мен филиалдары арқылы жүзеге асырады

Атауы	Мекенжай	Байланыс
«Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ (бас кеңсе)	Алматы қ. Жетісу-2 ықшам ауданы, 71Б	+7 (727) 258-55-10
Астана қаласындағы филиалы	Астана қ.Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 34/1 үй, 9 т.о.	+7 (7172) 906-906
Ақтөбе қаласындағы филиал	Ақтөбе қ., 12 ықшам аудан, 21Е үй, пәтер 1А	+7 (7132) 237-910

5. Осы Қағидаларға қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады және сонымен бірге банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамаларын (төменгі және жоғарғы шектерін) белгілейді. Банк Клиенттерден комиссиялар мен сыйақыларды аталған шамалар шегінде белгіленген Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес алады

6. Банктік қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды орнату кезінде Банк ҚР заңнамасының, соның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ заңы), АҚШ-тың «Шетелдік шоттарға салық салу туралы» Заңының (Foreign Account Tax Compliance Act – FATCA) (бұдан әрі – FATCA. Заңы), сондай-ақ халықаралық құқық талаптарының, халықаралық шарттардың, үкіметаралық келісімдердің, өзге де халықаралық уағдаластықтардың және орындалуы міндетті халықаралық ұйымдар резолюцияларының талаптарын сақтау мақсатында клиентті, оның өкілін тиісінше тексеру, сондай-ақ бенефициарлық меншік иесін (түпкілікті меншік иесін, бақылаушы тұлғаны, пайда алушыны) анықтау және сәйкестендіру бойынша іс-шаралар кешенін жүргізеді.

7. Банк өзінің іскерлік беделін қорғау бойынша шаралар қабылдайды және өз қызметін ҚР заңнамасына, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерге. сәйкес жүзеге асырады.

8. Банк клиентке тиісті тексеру жүргізу мақсатында клиентті, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін (түпкілікті меншік иесін, бақылаушы тұлғаны) немесе пайда алушыны сәйкестендіру және тексеру үшін қажетті кез келген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді сұратуға құқылы.

9. ҚР заңнамасының талаптарын орындау, клиентті сәйкестендіруді, тиісінше тексеруді жүргізу және тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану мақсатында Банк клиенттен оны, оның өкілін, бенефициарлық меншік иесін (түпкілікті меншік иесін, бақылаушы тұлғаны), пайда алушыны сәйкестендіру және тексеру үшін, сондай-ақ іскерлік қарым-қатынастардың сипатын, жасалатын операциялардың мақсаттары мен болжамды сипатын белгілеу үшін қажетті құжаттарды және (немесе) мәліметтерді сұратуға құқылы. Клиент мұндай құжаттарды және (немесе) мәліметтерді толық көлемде, шынайы түрде және Банк белгілеген мерзімдерде ұсынуға міндетті.

10. Клиент сұратылған құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбаған, толық емес немесе дұрыс емес ақпарат ұсынған, сондай-ақ клиентті тиісінше тексеруді жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, Банк ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда іскерлік қатынастарды орнатудан, банктік қызметтерді көрсетуден бас тартуға не іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқыл.

11. ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда, Банк ақша қаражатының шығу тегінің заңдылығын, мүліктің шығу тегі көзін, операцияны қаржыландыру көзін, операцияның экономикалық мәнін растайтын құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, сондай-ақ КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ қарсы іс-қимыл туралы заңның талаптарын орындау үшін қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы.

12. Клиент осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбаған жағдайда немесе ұсынылған құжаттар мен (немесе) мәліметтер ақша қаражаттарының шығу тегінің заңдылығын, мүліктің пайда болу көзін, операцияны қаржыландыру көзін растамаса не олардың сенімділігіне негізді күмән тудырса, Банк операцияны жүргізуден, банктік шот ашудан, ақша қаражатын аударудан (түсіруден), банктік қызметті көрсетуден бас тартуға не ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де шараларды қабылдауға құқылы..

13. Банк КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ қарсы іс-қимыл туралы заңда, FATCA заңында, ҚР заңнамасының өзге де қолданылатын талаптарында, халықаралық шарттарда және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда іскерлік қатынастарды орнатудан, банктік қызметтерді көрсетуден бас тартуға немесе банктік қызмет көрсету шартын орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

Банк қаржылық мониторинг субъектісі ретінде КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ қарсы іс-қимыл туралы Заңның талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес клиенттерді, олардың өкілдерін, бенефициарлық меншік иелерін және пайда алушыларды сәйкестендіруді және тиісінше тексеруді, клиенттердің іскерлік қарым-қатынастары мен операцияларының мониторингін жүзеге асырады.

Егер клиент, оның өкілі, бенефициарлық меншік иесі, пайда алушы не клиентпен байланысты өзге тұлға ҚР заңнамасына, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің міндетті шешімдеріне, халықаралық шарттарға, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ шетелдік мемлекеттік органдар мен реттеушілердің Банк үшін міндетті талаптарына сәйкес қолданылатын санкциялық тізімдерге не шектеу сипатындағы өзге де тізімдерге енгізілсе, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда іскерлік қатынастар орнатудан, банктік шот ашудан, операцияларды жүргізуден, банктік қызмет ұсынудан бас тартуға не іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы.

16. Төлем және (немесе) ақша аударымы (сондай-ақ мұндай төлемді және (немесе) ақша аударымын жасау әрекеті, орындалу процесіндегі төлем және (немесе) ақша аударымы) Банк тарапынан алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы деп танылады.:

егер клиенттің алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын анықтағаны туралы жолданымы болса;

егер қылмыстық қудалау органынан расталған ақпарат болса;

егер Банктің ішкі құжаттарына сәйкес негіздер болса;

егер ақша жіберуші және (немесе) төлем бенефициарын және (немесе) ақша аударымын пайда алушы алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру оқиғалары мен әрекеттері туралы дерекқорда болса.

17. Банк алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын анықтаған кезде келесі әрекеттерді жүзеге асырады:

нұсқаудың орындалуын және (немесе) банктік шот бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрады немесе төлем сомасын және (немесе) ақша аударымын бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бұғаттайды;

клиентпен жасалған шартта белгіленген тәртіппен клиентке себептері мен негіздерін көрсете отырып, нұсқаудың орындалуын және (немесе) клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларының тоқтатыла тұруы немесе төлем және (немесе) ақша аударымы сомасын бұғаттау туралы ақпарат береді;

нұсқаудың орындалуы және (немесе) клиенттің банктік шоты бойынша шығыс операцияларының тоқтатыла тұруы немесе төлем және (немесе) ақша аударымы сомасы бұғатталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өзінің клиентінің операцияларына талдау жүргізеді, оның ішінде мән-жайларды анықтау және шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпаратты клиенттен алу бойынша жұмыс жүргізеді;

клиент сұратылған ақпаратты талдау жүргізу мерзімі ішінде ұсынбаған жағдайда, клиенттен түсініктеме алғанға дейін банктік шотты бұғаттайды;

егер Банк талдау нәтижелері бойынша транзакцияны алаяқтық деп танымау туралы шешім қабылдаса, Қазақстан Республикасының заңдарында осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізуге, клиенттің банк шоты бойынша шығыс операцияларын қайта бастауға немесе осы төлемнің және (немесе) ақша аударымының сомасын бұғаттаудан шығаруға кедергі болатын өзге де негіздер болмаса, Банк тоқтатыла тұрған төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырады, клиенттің банк шоты бойынша шығыс операцияларын қайта бастайды немесе төлем және (немесе) ақша аударымы сомасынан бұғаттауды алып тастайды;

клиенттің алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыруға қатысқаны туралы негіздер немесе растау болған кезде, Антифрод-орталығы арқылы қылмыстық қудалау органына оның ҚР заңдарында белгіленген іс-шараларды кейіннен жүргізуі үшін хабарлама жібереді, сонымен бірге клиентті алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру әрекеттері туралы дерекқорға енгізеді.

18. Осы Қағидалардың 17-тармағында белгіленген нормалар шеңберінде банк шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған кезде, клиент ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық немесе төлем қызметтерінің шектеулі тізбесін алу үшін Банкке жүгінуге құқылы.

2.Тарау Терминдер мен анықтамалар

19. Қағидаларда ҚР Азаматтық кодексінде (бұдан әрі – «Азаматтық кодекс»), «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңында (бұдан әрі – «Төлемдер туралы заң»), «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында (бұдан әрі – «Банктер туралы заң») көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Банк – «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ.

антифрод орталығы – «ҚР Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ азаматтардың қаражатын алаяқтықтан қорғауды қамтамасыз ете отырып, өзінің тиімділігін көрсетіп келеді.

ҚДКБҚ«» АҚ - «Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры» Акционерлік қоғамы.

Банк – «Қазақстандағы Қытай Банкі» АҚ ЕБ.

салым (депозит) — клиенттің Банкке номиналды мөлшерде толық немесе ішінара, бірінші талап ету бойынша немесе белгілі бір мерзім өткеннен кейін, сыйақы төлеумен

немесе төлеусіз, клиентке немесе ол көрсеткен үшінші тұлғаға қайтару шарттарымен берген ақша қаражаты..

сенімді тұлға — клиенттің мүдделерін білдіру үшін, соның ішінде қызметтерді алу, құжаттарға қол қою және берілген өкілеттіктер шегінде өзге де заңды маңызы бар әрекеттерді жасау үшін заңнама талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде немесе заң күшіне байланысты оның атынан әрекет етуге Клиент ерікті түрде айқындаған және өкілеттік берген жеке тұлға.

банк қызметін көрсету шарты (қосылу шарты) — Банк пен Клиент арасында жасалатын кез келген шарт, мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейді: ағымдағы шот шарты, банк салымы шарты, корпоративтік төлем карточкасын шығара отырып, банк шотын ашу және оған қызмет көрсету шарты, корреспонденттік шот шарты, заңды тұлғаларға қашықтан банк қызметін көрсету шарты, өзге де банктік операциялар бойынша шарттар мен бас шарттар, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де шарттар.

қарыз шарты — Банк пен қарыз алушы арасындағы қаржыландыруды (оның ішінде шартты қаржыландыруды) ұсыну туралы келісім. Осы келісімнің негізінде Банктің қарыз алушыға қатысты талаптары туындайды немесе болашақта туындауы мүмкін..

қосымша қызмет — банктік қызметтерді тұтынушы — жеке тұлғаға негізгі банктік қызметті көрсетумен бір уақытта Банк өз атынан және (немесе) үшінші тұлғаның тапсыруы бойынша ұсынатын, ҚР заңнамасына сәйкес міндетті болып табылмайтын және, егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, Банк негізгі банктік қызметті ұсынадан бас тартпастан, тұтынушы оны алудан бас тартуға құқылы банктік және (немесе) өзге де қызмет (жұмыс, сервис).

берешек — Клиенттің Банк қызметін көрсету шарты және (немесе) Жалпы шарттар негізінде туындаған Банк алдындағы кез келген ақшалай міндеттемелері, оның ішінде, бұлардан басқа, негізгі борыш сомасы, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), сондай-ақ Клиенттің Банкке төлеуіне жататын өзге де төлемдер мен міндеттемелер. Егер тиісті Банк қызметін көрсету шартында өзгеше көзделмесе, Берешек мөлшерін Банк күн сайын айқындайды..

өзге де операциялар — Банктер туралы заңда көзделген, банктік операцияларға жатпайтын, оларды жүзеге асыру құқығы Банкке әмбебап банк лицензиясы негізінде берілген операциялардың түрлері.

клиент — заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаны (жеке кәсіпкер) (бұдан әрі – ЖК) қоса алғанда, Банкпен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылатын банк қызметін көрсетуді, қаржыландыруды және өзге де операцияларды қамтитын Банк қызметтерін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға..

консультациялық қызмет (консультация) — Банктің және (немесе) Уәкілетті агенттің банктік қызметтерді тұтынушыға Банк көрсететін банктік қызметтер мәселелері бойынша ақпарат және (немесе) түсіндірмелер беруі.

корреспонденттік қарым-қатынастар - корреспонденттік шот шартында және ҚР заңнамасында көзделген банк қызметін көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операцияларды жасау мақсатында олардың арасында корреспонденттік шоттар ашылған кезде туындайтын банктер, соның ішінде ҚРҰБ арасындағы, сондай-ақ банктер мен банктік емес ұйымдар арасындағы шарттық қарым-қатынастар;

корреспонденттік шот – банктің немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның және оның клиенттерінің операцияларын орындау үшін корреспонденттік шот шарты негізінде ашылатын банктің немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның банк шоты;

кредиттік желі — Банктің қарыз алушыға кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісімде және Банктің несие саясатын реттейтін ішкі құжаттарында белгіленген сома (лимит) мен мерзім шегінде қарызды алу уақытын дербес айқындау құқығын көздейтін шарттарда банктік қарыз беру міндеттемесі.

овердрафт кредиті — операция жасалған сәтте мұндай шотта ақшалай қаражаттың бар-жоғына қарамастан, Банк қызметін көрсету шартында белгіленген лимит шегінде есеп айырысу операцияларын жүргізу үшін банктік қызметтерді тұтынушының банк шотын кредиттеу жүзеге асырылатын банктік қарыздың нысаны

мүгедектігі бар адам (МБА) — тыныс-тіршілігінің шектелуіне және әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соқтыратын, аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан немесе кемістіктерден туындаған денсаулығының тұрақты бұзылуы бар азамат

халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары (ХЖШТ) — өз бетінше жүріп-тұруда, ақпарат алуда, қызметтер көрсетуде немесе кеңістікте бағдарлауда қиындықтар көретін адамдар, оның ішінде егде жастағы адамдар, мүгедектігі бар адамдар, балалар арбасын, кресло-арбаларды, балдақтарды, таяқтарды пайдаланатын адамдар, сондай-ақ мектепке дейінгі кіші жастағы балалары бар адамдар.

ҚРҰБ — .Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

НҚА — нормативтік құқықтық акт.

ҚР бейрезиденттері — ҚР резиденттері болып табылмайтын, мыналарды қоса алғанда.:

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаты жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды;
- шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар мен заңды тұлға болып табылмайтын ұйымдарды;
- халықаралық ұйымдарды.

банктік қызметтерді тұтынушы — кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке мұқтаждары үшін банктік қызметтерді алуға ниет білдірген немесе алатын жеке тұлға, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы ҚР заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда — заңды тұлға.

уәкілетті орган — қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

ҚР резиденттері — ҚР резиденттері болып табылатын тұлғалар, оның ішінде:

- ҚР азаматтарын;
- Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды;
- ҚР заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаларды;

«Астана» халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген заңды тұлғалар; ҚР бейрезидент банктердің филиалдары, ҚР бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары және ҚР бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары.

қайта қаржыландыру — Банк берген бір немесе бірнеше қолданыстағы қарыздарды толық немесе ішінара өтеу мақсатында Банк тарапынан банктік қарыз беру.

ҚР – Қазақстан Республикасы.

Кредит желісін ұсыну (ашу) туралы келісім — қарыз алушыға жеке шарттар жасасу, осындай келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өтініштер беру және (немесе) төлем карточкасын пайдалану арқылы қарыз сомасы мен оны алу уақытын дербес айқындау құқығын беретін шарттарда жасасылған қарыз шарты.

қосалқы қарыз алушы (қарыздас) — қарыз алушымен бірлесіп Қарыз шартын жасасқан және қарыз шартында көзделген сыйақыны және өзге де төлемдерді төлеуді қамтитын, банктік қарызды қайтару бойынша міндеттемелерді орындау тұрғысынан ортақ жауаптылықта болатын жеке немесе заңды тұлға.

Ынтымақты жауапкершілік (ынтымақты міндеттеме) — Банк міндеттеменің толық көлемде орындалуын қарыз алушылардың кез келгенінен талап етуге құқылы, ал әрбір қарыз алушы мұндай міндеттемені толық орындауға міндетті болатын тұлғалардың көптігі бар (екі және одан да көп қарыз алушысы бар) міндеттеме.

эмбебап банк лицензиясы (банк лицензиясы) — Банкке уәкілетті орган тарапынан банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыруға берілген лицензия.

Қаржы институты (Контрагент) — Банк нарықтық тепе-теңдік (паритет) қағидаттарында банкаралық, инвестициялық және өзге де кәсіби операцияларды жүзеге асыратын, қаржы нарығының кәсіби қатысушысы болып табылатын заңды тұлға (банк, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, сақтандыру ұйымы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы және өзге де ұйымдар).

қаржы өнімі — банк Банктер туралы заңның 22-бабында белгіленген банк операцияларын және өзге де операцияларды жүзеге асыру шеңберінде банктік қызметтерді тұтынушыларға ұсынатын банктік қызмет;

UCP 600 — Құжаттық аккредитивтерге арналған бірізді ережелер мен ғұрыптар (Uniform Customs and Practice for Documentary Credits);

URDG 758 (Талап ету бойынша кепілдіктерге арналған бірізді ережелер, ICC № 758 басылымы) — халықаралық сауда палатасы (ICC) әзірлеген және талап ету бойынша кепілдіктерді қолдану тәртібін реттейтін халықаралық бірізді ережелер.

KYC/AML — Банктің заңнама талаптарына сәйкес қаржылық операцияларды жасағанға дейін клиентті — жеке немесе заңды тұлғаны сәйкестендіруді жүргізу міндетін көздейтін «Өз клиентіңді біл» (KYC — Know Your Customer) қағидаты.

3 Тарау. Банк жүзеге асыратын операциялар

Банк уәкілетті орган берген эмбебап лицензияға сәйкес банктік қызметті жүзеге асырады және ұлттық және шетелдік валютада мынадай банктік операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

Банктік операциялар:

Заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

Жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;

Банктердің, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ ҚР бейрезидент қаржы ұйымдарының корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;

Кассалық операцияларды: қолма-қол ақшаны қабылдау және беру, соның ішінде оларды ұсақтау, айырбастау, қайта санау, сұрыптау, қаптау және сақтау;

Аударым операциялары: жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі нұсқауларын орындау;

Есепке алу операциялары: жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың вексельдерін және өзге де борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконттау);

Қолма-қол және (немесе) қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен айырбастау операциялары;

Аккредитивті ашу (ұсыну) және растау, сондай-ақ ол бойынша міндеттемелерді орындау;

Үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындалуды көздейтін банктік кепілгерліктерді және өзге де міндеттемелерді беру (банкаралық кепілгерліктерді қоспағанда)

Банктік қарыз операциялары: ақшалай нысанда ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен банктік қарыз беру (банкаралық қарыздарды қоспағанда);

Ақшалай нысанда орындалуды көздейтін банктік кепілдіктерді беру (банкаралық кепілдіктерді қоспағанда).

Өзге де операциялар:

Лизингтік қызмет;

Факторингтік операцияларды: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып немесе қабылдамай, ақшалай талапты басқаға беріп қаржыландыруды;

Форфейтингтік операцияларды (форфетингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушының қарыздық міндеттемесін вексельдерді сатушыға айналымға

салмай, сатып алу жолымен төлеуді;

Банкаралық қарыздар (банкаралық қаржыландыру), банкаралық кепілдіктер, банкаралық кепілгерліктер, сондай-ақ өзге де банкаралық операциялар.;

Сейфтік операцияларға (құжаттық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, сейфтік жәшіктерді, шкафтар мен үй-жайларды, сондай-ақ құжаттар тізбесін қоса отырып, құжаттарды және құндылықтарды сақтау бойынша қызметтер).

21. Осы Қағидалар бекітілген күнге қарай Банктің уәкілетті алқалы органының шешімі негізінде жеке тұлғаларға банктік қарыздар беру уақытша тоқтатылды.

4. Тарау. Банктік операциялар мен қызметтердің шекті параметрлері

22. Қабылданатын салымдардың (депозиттердің), берілетін қарыздардың шекті сомалары мен мерзімдері, салымдар (депозиттер) мен қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары, банктік операцияларды жүргізгені үшін мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары, сондай-ақ Банктің банктік қызметтерді көрсету туралы шешімдер қабылдауының шекті мерзімдері осы Қағидалардың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларда айқындалған.

Тарау . Салым бойынша сыйақы мен қарыздар (депозиттер)төлеу шарттары

23. Салымдар (депозиттер) бойынша сыйақыны есептеу, төлеу шарттары және оны анықтау тәртібі осы Қағидалардың 6-тарауына сәйкес белгіленеді.

24. Егер қарыз шартында және ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, банктік қарыз бойынша сыйақы қарыз берілген күннен бастап есептеледі.

25. Банктік қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің түрі, оның мөлшері, сыйақыны есептеу, төлеу тәртібі және оны төлеудің өзге де шарттары тиісті банктік өнімнің шарттарына байланысты Қарыз шартымен айқындалады.

26. Қарыз шарты жасалғанға дейін Банк клиентке ҚР заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Банк белгілеген қарызды өтеудің қолданылатын әдістері және ол бойынша сыйақыны есептеу тәртібі туралы ақпаратты ұсынады.

27. Банктік қарыз бойынша сыйақыны төлеуді Қарыз алушы қарыз шартында және (немесе) қарызды өтеу кестесінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.

28. Қарыз шартында және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда, Банк ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушының Банкте ашылған банктік шоттарынан сыйақы сомаларын акцептсіз (даусыз) тәртіппен есептен шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

6.Тарау. Банктік салым шарттарын жасасу тәртібі мен мерзімдерін, сыйақы есептеу және төлеу шарттарын, мерзімінен бұрын бұзу шарттары мен тәртібін қоса алғанда, депозиттерді қабылдауға байланысты қаржы өнімдерін ұсыну шарттары.

29. Жинақ шоттары оларға салымдарды (депозиттерді) орналастыруға арналған. Салым (депозит) - салымшының Банкке бірінші талап ету бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін, толық немесе бөліп, алдын ала келісілген үстемеақысымен, тікелей салымшының өзіне қайтарылуы не оның тапсырмасы бойынша үшінші тұлғаларға берілуі тиістігіне қарамастан, оларды номиналды мәнінде қайтару шарттарымен берілетін ақшасы.

30. Салымдар (депозиттер) бойынша өнімдер екі негізгі топқа бөлінеді:

1) Банктегі салымдарға орналастыру үшін уақытша бос қаражаты бар зады тұлғаларға және/немесе ҚР аумағындағы қызметі ҚР заңнамалық актілерін орындау мақсатында арнайы салымдарды орналастыруды көздейтін клиенттерге ұсынылатын өнімдер;

2) жеке тұлғаларға ұсынылатын өнімдер.

31. Салымдарды (депозиттерді) Банк заңды және жеке тұлғалардан (ҚР резиденттері мен бейрезиденттерден) қабылдайды

32. Банк ұлттық және шетелдік валютада салымдардың (депозиттердің) мынадай түрлерін қабылдайды:

1) талап етілгенге дейінгі салым

- 2) мерзімді салым (депозит);
- 3) жинақтық салым
- 4) шартты салым.

33. Талап етілгенге дейінгі салым салымшының бірінші талабы бойынша толық немесе ішінара қайтарылуға тиіс.

34. Мерзімді салым (депозит) белгілі бір мерзімге енгізіледі. Мерзімді салымды (депозитті) салымшы белгіленген мерзім өткенге дейін талап еткен жағдайда, егер банктік салым шартында (БСШ) өзгеше көзделмесе, салым (депозит) бойынша сыйақы талап етілмелі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді. Банк мерзімді салымды (депозитті) немесе оның бір бөлігін салымшының талабы түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде беруге міндетті.

Шартты салым банктік салым шартында белгіленген міндеттемелер туындағанға дейін салынады. Шартты салымды салымшы банктік салым шартында белгіленген міндеттемелер туындағанға дейін талап еткен жағдайда, егер банктік салым шартында өзгеше көзделмесе, салым бойынша сыйақы талап етілмелі салым бойынша белгіленген мөлшерде төленеді. Банк шартты салымды (депозитті) немесе оның бір бөлігін салымшының талабы түскен сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмейтін мерзімде беруге міндетті.

36. Банк, БСШ жасасқанға дейін, осы Қағидаларда көзделген мәліметтер мен құжаттардан басқа, клиентке банктік салымдар (депозиттер) бойынша мынадай ақпаратты ұсынады):

- 1) Салымды (депозитті) ашу, жүргізу және жабу тәртібі;
- 2) Салымның түрі (талап етілгенге дейінгі, мерзімді, жинақ, шартты);
- 3) Салымның (депозиттің) шекті мерзімдері;
- 4) Салымның шекті сомалары;
- 5) Сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары, соның ішінде клиент жүгінген күндегі шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі (нақты құны) (ЖТСМ);
- 6) Салымдар (депозиттер) бойынша сыйақыны есептеу және төлеу шарттары;
- 7) Салымды (депозитті) ашу/жабу бойынша шешім қабылдаудың шекті мерзімдері;
- 8) Салымды (депозитті) қабылдау шарттары, соның ішінде банктік салым шартын жасасу тәртібі мен мерзімдері, қосымша келісім жасаспай-ақ салым (депозит) мерзімін ұзарту шарттары (бар болса);
- 9) Салымды (депозитті) толықтыру мүмкіндігі, капиталдандыру шарттары;
- 10) Салымды (депозитті) толық немесе ішінара мерзімінен бұрын тоқтату/алу шарттары;

Банк пен клиенттің құқықтары мен міндеттері

37. БСШ шарттарына сәйкес, қосымша келісім жасаспай-ақ банктік салым мерзімін ұзарту кезінде сыйақы мөлшерлемесі азайту жағына қарай өзгерген жағдайда, Банк клиентті сыйақы мөлшерлемесі көлемінің азайғаны туралы банктік салым шартында көзделген тәсілмен банктік салым мерзімі өткенге дейін хабардар етеді.

38. Салымды (депозитті) қабылдау кезінде Банк пен клиент арасында БСШ жасалады, онда салымды (депозитті) қабылдау мен берудің барлық шарттары көрсетіледі. Банктік салым шартында көзделген салымның (депозиттің) сомасы мен мерзімі Банк тиісті салым (депозит) түрі үшін белгілеген ең төменгі сома мен мерзімнен кем болмауы тиіс. Қабылданатын салымдардың (депозиттердің) шекті сомалары мен мерзімдері осы Қағидаларға қосымшаларда белгіленген..

39. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады. Кепілдік беру объектілері — жасалған БШШ/БСШ-ға сәйкес банктік шоттардағы ұлттық және шетелдік валютадағы жеке тұлғалар мен ЖК қаражаты, олар Банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда, ҚРҰБ НҚА сәйкес өтелуге тиіс.

40. Жеке тұлғалардың банктік шоттардағы салымдары (депозиттері) ҚР заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті кепілдендіру объектісі болып

табылады. Жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер үшін салымдар (депозиттер) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу кезінде Банк «ҚДКБҚ» АҚ белгілеген шекті мөлшерлемелерді (депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылатын салымдарға (депозиттерге) қатысты), депозиттер нарығындағы мөлшерлемелер деңгейін, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесін, ақшалай қаражатқа сұраныс деңгейін, оларды әрі қарай орналастыру мүмкіндіктерін, банкаралық ресурстардың құнын, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады. Бұл ретте депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылатын, жаңадан тартылатын салымдар (депозиттер) бойынша сыйақының шекті мөлшерлемелері салым (депозит) ашылған күнге «ҚДКБҚ» АҚ белгілеген шекті мөлшерлемелерден аспауға тиіс. Банк клиенттерді сыйақы мөлшерлемесінің, Банк тарифтерінің және жаңа редакциядағы банктік шот/салым үлгілік шарттары шаблондарының өзгергені туралы ҚР қолданыстағы заңнамасында және Банктің ІНҚ көзделген негіздерде және мерзімдерде, Банк/Филиал орынжайларының ішіндегі ақпараттық стендтердегі хабарламалар және www.boc.kz корпоративтік веб-сайты арқылы хабардар етеді, онда қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерге өзгерістер енгізілген және бекітілген күн туралы мәліметтер, ішкі құжаттың нөмірі және оны бекіткен уәкілетті органның атауы көрсетіледі.

42. Заңды тұлғалардың салымдары (депозиттері) ұлттық валютада және шетелдік валютада — қолма-қолсыз тәртіппен қабылданады. Жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері) валюта түріне қарамастан, қолма-қол ақшамен де, қолма-қолсыз тәртіппен де қабылданады.

43. Жеке тұлғалардың талап етілмелі салымдарындағы ақша салымшының бірінші талабы бойынша толық немесе ішінара қайтарылуға тиіс. Салымшының қалауы бойынша салым сомасы толық немесе ішінара өзге Банкке аударылуы мүмкін.

44. Салымдар (депозиттер) бойынша есептелген сыйақыны төлеу БСШ шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

45. Заңды тұлғалар мен бейрезидент жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша сыйақыға сыйақы төленген күнге қолданыстағы ҚР салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерлемелер бойынша төлем көзінен ұсталатын салық салынады. ҚР резиденті болып табылатын жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша сыйақыға төлем көзінен ұсталатын салық салынбайды. Бұл ретте клиент жүгінген жағдайда, Банк ҚР мемлекеттік кірістер органдарымен әрі қарай есеп айырысуы үшін оған төлем көзінен ұсталынған табыс салығының сомасы туралы тиісті ақпаратты ұсынады.

46. Жеке және заңды тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша сыйақы мөлшерлемелері салымның түрі мен валютасына, сыйақы төлеудің мерзімділігіне, оны орналастыру мерзіміне және жеке өнімдер бойынша басқа да параметрлерге байланысты белгіленеді. Салым (депозит) бойынша сыйақыны төлеу БСШ шарттарына байланысты жүзеге асырылады. Заңды және жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері) бойынша сыйақыны есептеу үшін бір жылдағы күндер саны ретінде күндердің нақты саны (күнтізбе бойынша) есептеледі, бұл ретте жыл 360 (үш жүз алпыс) күн деп қабылданады.

47. Егер салымшы жеке шарттар/тарифтер, мөлшерлемелер беру туралы өтініш білдірсе, бұл мәселе Банктің уәкілетті алқалы органының қарауына шығарылады.

Салым (депозит) бойынша сыйақы төлеу оның шарттарына байланысты жүзеге асырылады. Салым БСШ қолданылу кезеңінде оны бұзу арқылы кез келген уақытта талап етілуі мүмкін. Егер салымшы салым (депозит) сомасын оны орналастыру мерзімі өткеннен кейін талап етпесе, есептелген сыйақы капиталданады (салым сомасына қосылады) және БСШ шарттарына сәйкес, БСШ салым мен талап етілмеген сыйақының жалпы сомасына автоматты түрде ұзартылады.

49. Салымды (депозитті) ұзарту кезінде ол БСШ ұзартылған сәтте Банкте қолданыста бар осы салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің көлемімен дәл сондай мерзімге автоматты түрде орналастырылады. Жеке тұлғамен жасалған БСШ-ны автоматты түрде ұзарту бір реттен көп емес жүзеге асырылады, бұдан кейін Банк салымшыны қосымша

хабардар етпестен, салымды (депозитті) және есептелген сыйақыны салымшының ағымдағы банктік шотына аударады.

50. Салымшы салымды (депозитті) мерзімінен бұрын талап еткен жағдайларда, егер БСШ шарттарында өзгеше көзделмесе, ол бойынша сыйақы төленбейді.

7.Тарау. Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.

51. Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерінің, соның ішінде қарыз шарттары бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Банк клиенттің және (немесе) үшінші тұлғалардың ұсынған қамтамасыз етуін:

- 1) жылжымалы және жылжымайтын мүліктің кепілі (кепіл және (немесе) ипотека);
- 2) заңды және жеке тұлғалардың кепілдіктері мен кепілгерліктері;
- 3) мүлікті ұстап қалу;

4) ҚР заңнамасында және Банк жасасатын шарттарда көзделген тұрақсыздық айыбын, кепілақы, кепілдік жарнаны, қамтамасыз ету төлемін және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің өзге де тәсілдерін қабылдауға құқылы.

52. Клиенттің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын кепіл нысанасын ҚР заңнамасының, Банктің ішкі құжаттарының және Банктің уәкілетті алқалы органы шешімдерінің талаптарына, соның ішінде келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) мүліктің құнының тұрақтылығымен және нарықтық сұранысқа ие болуымен расталатын жеткілікті өтімділікке ие болуы;

2) Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша мүлікті қайта кепілге қою тәртібімен қабылдау жағдайларын қоспағанда, үшінші тұлғалардың құқықтарынан, талаптарынан және ауыртпалықтарынан бос болуы;

3) құнын анықтау және кепіл қатынастарын ресімдеу үшін Банк талаптарында көзделген қажетті құқық белгілейтін, техникалық және өзге де құжаттарының болуы;

4) кепіл затының нарықтық құны ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда тәуелсіз бағалаушымен анықталады;

5) егер кепіл шартында және ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, кепіл затының сақталуын қамтамасыз етуді кепіл беруші жүзеге асырады;

6) егер Банктің уәкілетті алқалы органының шешімінде өзгеше белгіленбесе, кепіл затын сақтандыруды кепіл беруші жүзеге асырады және бұл мүлікті кепілге қабылдаудың шарты болып табылады;

7) жалдау (пайдалану) құқығын кепілге қабылдау кезінде мұндай құқықтың қолданылу мерзімі Банк талаптарына сәйкес Клиенттің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуі тиіс;

8) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда мүліктің ортақ меншіктенушілері келісімінің болуы;

9) . ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген өзге де талаптар.

Кепіл нысанасы белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, оны қамтамасыз ету ретінде қабылдау мүмкіндігі туралы шешімді мәміленің және кредиттік жобаның сипатын ескере отырып, Банктің уәкілетті алқалы органы қабылдайды.

53. Үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілгерліктері кепілгердің немесе кепілдік берушінің міндеттемелерді орындау қабілетіне әсер ететін қаржылық жағдайын, құқықтық мәртебесін және өзге де факторларды талдау жүргізілген жағдайда Банкпен қабылданады. Егер Банктің уәкілетті органының шешімінде өзгеше белгіленбесе, кепілдіктер мен кепілгерліктер Банк бекіткен нысандар бойынша ресімделеді.

54. Банк мүлікті ұстап қалуды ҚР заңнамасында және клиентпен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда және тәртіппен, Банктің заңды иелігінде немесе пайдалануындағы мүлікке және (немесе) мүліктік құқықтарға қатысты жүзеге асырады. Ұстап қалынатын мүлікке, егер оларды ұстап қалу ҚР заңнамасына қайшы келмесе, соның ішінде банктік шоттардағы ақшалай қаражат, Банкке сақтауға берілген мүлік, кепілдік жарналардың,

қамтамасыз ету төлемінің, зачаттың (задаток) сомалары, сондай-ақ өзге де активтер жатуы мүмкін.

55. Тұрақсыздық айыбы Клиент Банкпен жасасқан тиісті шартта көзделген міндеттемелерді бұзған жағдайларда, осындай шартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен қолданылады.

56. Клиенттің Банк алдындағы ақшалай міндеттемелерін орындауы жасалған шарттардың талаптарына сәйкес клиенттің еркімен жүзеге асырылады. Бұл ретте Банк ҚР заңнамасында және клиентпен жасалған шартта көзделген тәртіппен және жағдайларда берешекті акцептсіз (даусыз) есептен шығаруды жүзеге асыруға, соның ішінде клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарынан ақшалай қаражатты есептен шығаруға, сондай-ақ, егер бұған ҚР заңнамасында жол берілсе, клиенттің өзге қаржы ұйымдарында ашылған шоттарына төлем құжаттарын ұсынуға құқылы.

57. Бірнеше кепіл заттары болған және қарыз алушы Қарыз шарты бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, Банк қарыз алушының (кепіл берушінің) кепілмен қамтамасыз етуді азайту немесе кепіл нысанасын ауыстыру туралы өтінішін ҚР заңнамасында, Банктің кепіл саясатында және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қарастырады. Кепілмен қамтамасыз ету құны қарыз алушы міндеттемелерінің мөлшерінен асып кеткен жағдайда, Банк ҚР заңнамасында белгіленген мерзімдерде кепіл шарттарын өзгерту туралы шешім қабылдайды.

58. Қарыз шарты бойынша орындалмаған міндеттемелердің мөлшері кепілмен қамтамасыз ету құнының он пайызынан кем болған жағдайда, Банк ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен кепіл нысанасын құны қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін өзге мүлікке ауыстыру мүмкіндігін қарастырады.

59. Осы Тараудың талаптары Банктің банктік кепілдіктер мен банктік кепілгерліктерді ұсыну жөніндегі операциялары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге де қолданылады.

60. Банк қарыз алушының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорының кепілдігін қабылдаған кезде, провизияларды (резервтерді) есептеу мақсаттары үшін мұндай кепілдіктің құны көрсетілген кепілдікпен қамтамасыз етілген қарыз сомасының мөлшерінде анықталады.

8.Тарау Банктік қызметтерді ұсыну процесінде туындайтын банктік қызметтерді тұтынушылардың жолданымдарын қарау тәртібі

61. Банк банктік қызметтерді көрсетуге байланысты және оларды көрсету процесінде туындайтын клиенттердің жоланымдарын қабылдауды, тіркеуді, қарауды, талдауды және жинақтауды ҚР заңнамасының, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

62. Банк клиенттердің келесі жолданымдарымен жұмыс жүргізеді:

- қолма-қол, пошта байланысы арқылы, Банктің электрондық поштасына, Банктің интернет-ресурсына және тағы басқа арналарға келіп түскен жазбаша жолданымдармен
- телефон арқылы және/немесе клиенттің Банкке тікелей келуі кезінде келіп түскен ауызша жолданымдармен.

63. Банктің бас кеңсесіндегі (Алматы қ.) және филиалдарындағы уәкілетті тұлғалар Банк Басқармасының Төрағасы бекіткен қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде 1 (бір) рет жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдауды жүргізеді. Қабылдау жұмыс орны бойынша, жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген және белгіленген күндері мен сағаттарында жүргізіледі. Егер жолданым қабылдау кезінде Банктің уәкілетті тұлғасымен шешілмейтін болса, оны клиент жазбаша нысанда баяндайды және. онымен жұмыс жазбаша жолданым ретінде жүргізіледі.

64. . Банкке немесе оның жекелеген қызметкерлеріне қатысты жолданымдар, сұрақтар мен ұсыныстар болған жағдайда, сондай-ақ Банк жүргізетін операциялар,

операцияларды жүргізу шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін клиенттер Банкке (Банк филиалдарына) жүгіне алады, Банкке қоңырау шалып немесе Банктің корпоративтік веб-сайтында хабарлама қалдыра алады.

Корпоративті веб-сайттың мекенжайы	https://www.boc.kz
Банктің Бас кеңсесінің мекенжайы	Алматы қ. Жетісу-2 ықшам ауданы, 71Б тел: +7 (727) 258-55-10
Астана қаласындағы филиалының мекенжайы	Астана қ.Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 34/1 үй, 9 т.о. +7 (7172) 906-906
Ақтөбе қаласындағы филиалының мекенжайы	Ақтөбе қ., 12 ықшам аудан, 21Е үй, пәтер 1А тел:+7(7132) 77-32-08

65. Банк телефон арқылы келіп түскен ауызша жолданымдарды Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес міндетті түрде тіркейді. Қоңыраудағы әңгіме жазылатыны туралы әңгіме басында банктік қызметтерді тұтынушының алдын ала хабардар ете отырып жүргізіледі. Банкке ауызша нысанда келіп түскен жолданымдар (қоңырау шалу арқылы немесе клиент Банк кеңсесіне жеке келген кезде) кезек күттірмей қаралады және егер сондай мүмкіндік болса, клиенттің ауызша жолданымна жауап бірден беріледі. Ауызша жолданымды кезек күттірмей шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны клиент жазбаша нысанда баяндайды және онымен жұмыс жазбаша жолданым ретінде жүргізіледі. Жауапты қызметкер (жауапты құрылымдық бөлімше/филиал) клиентті жауап алу үшін қажетті рәсімдер мен мұндай жолданымдарды қарау мерзімдері туралы хабардар етеді.

66. Банк клиенттердің жазбаша жолданымдарын, соның ішінде Банктің ресми интернет-ресурсы арқылы келіп түскен жолданымдарды Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес міндетті түрде тіркеуді жүзеге асырады.

67. Жазбаша жолданымды қабылдау нәтижелері бойынша Банк клиентке оның қабылданғанын растайтын құжат береді немесе жолданымның көшірмесіне тиісті белгі қояды. Жолданым Банктің ресми интернет-ресурсы арқылы берілген кезде, Банк оның қабылданғаны туралы тіркеу күні мен тіркеу нөмірі көрсетілген хабарлама жібереді. Жолданымды қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

68. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін клиенттердің жолданымдары Банкке келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

69. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу немесе жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін клиенттердің жолданымдары бойынша қарау мерзімі тағы 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылады, бұл туралы тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде клиентке хабарланады.

70. Банк жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын объективті, жан-жақты әрі уақытылы қарауды қамтамасыз етеді және клиентті оларды қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

71. Клиентке жолданымды қарау нәтижелері туралы жазбаша жауап жолданым берілген тілде ұсынылады және онда клиент баяндаған әрбір мәселе бойынша ҚР заңнамасының, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, қаралып отырған мәселеге қатысы бар шарттардың тиісті нормаларына, сондай-ақ қаралып отырған мәселенің нақты мән-жайларына сілтеме жасай отырып, негізделген және уәжді дәлелдер қамтылуға, сонымен қатар клиенттің қабылданған шешімге шағым жасау құқығы түсіндірілуге тиіс.

72. Клиенттің жолданымы негізді және заңды болған жағдайда, Банк оны қанағаттандыру (толық немесе ішінара), анықталған бұзушылықты жою және клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

73. Жазбаша жолданымның жауабына Банктің уәкілетті тұлғасы қол қояды. Төмендегі тәсілдермен жіберілетін жазбаша жолданымның жауабына Банктің уәкілетті тұлғасының қол қоюы талап етілмейді:

- банктік қызметтерді көрсету туралы шартта немесе клиенттің жолданымында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

- жауап мәтіні бар немесе клиентке берілген жауаптың толық мәтіні жазылған интернет-ресурсқа сілтемесі бар SMS-мәтіндік хабарлама немесе push-хабарлама жіберу арқылы;

- банктік қызметтер туралы шартта көзделген, клиенттің жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

74. Жазбаша жолданымға жауапты клиентке беру банктік қызметтер туралы шартта көзделген тәсілмен жүзеге асырылады. Қолтаңбаны факсимилелік көшіру құралдарын немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де тәсілді пайдалануға жол беріледі.

75. Жауап клиентке жіберілген жағдайда, ол жеткізілді деп есептеледі:

- банктік қызметтер туралы шартта немесе клиенттің жолданымында көрсетілген тұрғылықты жері бойынша, оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, соның ішінде оны қарыз алушының көрсетілген мекенжай бойынша тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған кезде;

- банктік қызметтерді көрсету туралы шартта немесе клиенттің жолданымында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

- жауап мәтіні бар немесе клиентке берілген жауаптың толық мәтіні жазылған интернет-ресурсқа сілтемесі бар SMS-мәтіндік хабарлама немесе push-хабарлама жіберу арқылы;

- банктік қызметтер туралы шартта көзделген, клиенттің жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып..

76. Клиент Банкке келген кезде жауап оның жеке өзіне (немесе оның уәкілетті өкіліне) қол қойғызып табыс етіледі, бұл туралы жазбаша жолданымдарды тіркеу журналына белгі қойылады

77. Жауапты адресатқа, алушыға табыс ету мүмкін еместігі туралы белгімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты кері қайтарылған жағдайда, жауап тиісті түрде берілді (жеткізілді) деп есептеледі.

78. Банк клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында клиенттерге тікелей қызмет көрсетуді жүзеге асыратын бөлімшелерден тәуелсіз, соның ішінде келесі функцияларды орындайтын құрылымдық бөлімшенің қызметін қамтамасыз етеді:

- Банк қызметкерлерінің ҚР заңнамасының, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын, сондай-ақ клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау жөніндегі саясат пен рәсімдерді сақтауына мониторингті жүзеге асырады;

- банктік өнімдер мен қызметтерді әзірлеу, өзгерту және көрсету кезінде клиенттер үшін тәуекелдерді талдайды;

- банктік өнімдер мен қызметтерді ілгерілету және жарнамалау практикасының ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оған талдау жүргізеді;

- клиенттердің жолданымдарын қарау процестерінің тиімділігін, сондай-ақ жолданымдарды беру арналарының, соның ішінде Банктің ресми интернет-ресурсы мен мобильді қосымшасының (бар болса) қолжетімділігін бағалайды;

- мынадай мақсаттарда клиенттердің өтініштеріне сандық және сапалық талдау жүргізеді;

- жолданымдардың келіп түсу себептері мен үрдістерін анықтау;

- клиенттерге қызмет көрсету сапасын және көрсетілетін (ұсынылатын) банктік өнімдер мен қызметтерді бағалау;

- банктік қызметтерді көрсету процестеріндегі жүйелі кемшіліктерді анықтау;

- клиенттерге қызмет көрсету, жолданымдарды қарау процестерін жетілдіру және көрсетілетін банктік қызметтердің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар дайындау;

- қажетті түзету шараларын қабылдау үшін Банктің уәкілетті бөлімшелері мен лауазымды тұлғаларын клиенттерге қызмет көрсету, ақпаратты ашу, жолданымдарды қарау процестерінде анықталған кемшіліктер және клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына әсер етуі мүмкін өзге де бұзушылықтар туралы хабардар етеді.

79. Банк клиенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау жөніндегі саясат пен рәсімдерді әзірледі, олар мыналарды көздейді:

- Банк өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін ұсыну кезіндегі Банк қызметкерлерінің мінез-құлық стандарттары;
- Банк өнімдері мен көрсетілетін қызметтерін ұсыну тәртібі, сондай-ақ өзара іс-қимылдың барлық кезеңдерінде клиенттерге ашылуға тиіс ақпараттың тізбесі;
- Клиенттермен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын Банк қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар;
- Банк қызметтерін көрсету кезінде жосықсыз тәжірибелерді анықтау және олардың алдын алу жөніндегі шаралар;
- Клиенттердің жолданымдарын қарау тәртібі, соның ішінде олар бойынша шешімдер қабылдау мерзімдері мен рәсімдері.

9.Тарау. Банктің және банк қызметтерін тұтынушының құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі.

80. Банк пен Клиенттердің ҚР заңнамасында, Банкпен жасалған шарттарда және осы Қағидаларда көзделген құқықтары болады және олар бойынша міндеттерді өз мойнына алады.

81. Клиент құқылы:

- ҚР заңнамасына және Банкпен жасалған шарттарға сәйкес Банкпен ұсынылатын банк қызметтерінің шарттары, оларды көрсету тәртібі, комиссиялардың, тарифтердің, сыйақы мөлшерлемелерінің және өзге де төлемдердің мөлшері туралы ақпарат алуға;
- Банкке банк қызметтерін көрсетуге байланысты өтініштермен, сауалдармен және шағым-талаптармен жүгінуге, сондай-ақ ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен әрі мерзімдерде жауаптар алуға;
- Банк алдындағы міндеттемелердің орындалу тәртібі туралы ақпаратты, соның ішінде берешек жағдайы, жүргізілген төлемдер және шартта көзделген өзге де міндеттемелер туралы мәліметтерді алуға;
- ҚР заңнамасында және Банкпен жасалған шарттарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

82. Клиент міндетті:

- ҚР заңнамасының, осы Қағидалардың және Банкпен жасалған шарттардың талаптарын сақтауға;
- Шоттарды ашу және оларға қызмет көрсету, банк қызметтерін алу және ҚР заңнамасының талаптарын орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді Банкке уақтылы әрі толық көлемде ұсынуға;
- Шарттар мен Банк тарифтеріне сәйкес комиссияларды, сыйақыларды және өзге де төлемдерді уақтылы төлеуге;
- Банктік қызмет көрсетуге қатысты ақпараттың, соның ішінде логиндердің, парольдердің, қолжетімділік кодтарының және өзге де сәйкестендіру деректерінің сақталуын қамтамасыз етуге және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды үшінші тұлғаларға бермеуге;
- Банк өнімдерін, қашықтан банктік қызмет көрсету жүйелерін, төлем құралдарын және Банктің өзге де сервистерін пайдалану кезінде Банктің талаптары мен нұсқаулықтарын орындауға;
- ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

• ҚР заңнамасында және Банкпен жасалған шарттарда белгіленген өзге де міндеттерді атқаруға.

83. Банк құқылы:

• Клиенттен Банкпен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауын талап етуге;

• Клиенттен банк қызметтерін ұсыну, ҚР заңнамасының талаптарын орындау және тәуекелдерді басқару үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді алуға;

• ҚР заңнамасында және Клиентпен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда және тәртіппен банк ұсынатын қызметтерді көрсету шарттарын өзгертуге;

• ҚР заңнамасында және Клиентпен жасалған шарттарда белгіленген тәртіппен берешекті өндіріп алу және өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды қолдануға;

• Қызметті жүзеге асыру және тәуекелдерді басқару кезінде автоматтандырылған жүйелерді, соның ішінде жасанды интеллект технологияларын пайдалануға. Бұл ретте Банк осындай технологияларды пайдалана отырып қабылданған шешімдер үшін жауапты болады;

• Халықаралық ұйымдар, шетелдік мемлекеттік және/немесе мемлекеттік емес органдар мен ұйымдар енгізген және Қазақстан Республикасы қабылдаған/ратификациялаған халықаралық экономикалық санкцияларға, жекелеген елдердің санкцияларына енгізілген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, және операциялардың тауарлары/қызметтері/өзге де заттары бар болған/анықталған/айқындалған жағдайда, сондай-ақ Клиент Антифрод-орталықтың алаяқтар тізімінен анықталған кезде операцияларды жүргізуді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға және/немесе Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды тоқтатуға.

84. Банк міндетті:

• Банк қызметтерін ҚР заңнамасына, шарттардың талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес көрсетуге;

• Тиісті шарттар жасалғанға дейін клиенттерге банк қызметтерінің шарттары, тарифтер, комиссиялар, сыйақы мөлшерлемелері және өзге де елеулі шарттар туралы ақпаратты ұсынуға;

• Банктік құпияның және заңмен қорғалатын өзге де мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

• Клиенттердің жолдағнымдары мен сауалдарын ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен әрі мерзімінде қарауға;

• ҚР заңнамасында және шарттарда көзделген жағдайларда және мерзімдерде банк қызметтерін көрсету шарттарының өзгергені туралы клиенттерді хабардар етуге;

• ҚР заңнамасында және клиенттермен жасалған шарттарда көзделген өзге де міндеттерді атқаруға.

85. Банкке тыйым салынады:

• Банк қызметтерінің тиісті емес жарнамасын таратуға;

• ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларда, тиісті қаржылық өнімдерге тән тәуекелдер туралы ақпаратты көрсетпей, қаржылық өнімдердің жарнамасын таратуға;

• ҚР заңнамасында тыйым салынған өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға.

10.Тарау. Банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі

86. Клиенттердің банктік шоттарын ашу және жүргізуде Банк ҚР заңнамасына, осы Қағидаларға және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жасалатын банктік қызмет көрсету шарттары негізінде жүзеге асырады. Банк өзі бекіткен банктік қызмет көрсету шарттарының үлгілік нысандарын, соның ішінде қосылу шарттарын қолданады. Банктік

шоттарын ашқаны, жүргізгені, сондай-ақ олар бойынша операцияларды жүргізгені үшін Банк осы Қағидаларға қосымшаларда көрсетілген Банк тарифтеріне сәйкес комиссиялар алады.

87. Банктік шотты ашу үшін клиент ҚР заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және Bank of China тобының талаптарында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады. Клиент ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады, сондай-ақ олардың өзгергені туралы Банкті уақтылы хабардар етуге міндетті.

88. Банктік шоттар ҚР заңнамасына және Банктің мүмкіндіктеріне сәйкес ҚР ұлттық валютасында, еркін айырбасталатын және өзге де шетелдік валюталарда ашылуы мүмкін. Егер ҚР заңнамасында немесе Банктің ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, клиентке ашылатын банктік шоттардың саны, сондай-ақ шоттардағы ақшалай қаражат қалдықтарының мөлшері шектелмейді.

Банктік шотты ашу клиентті тексеру рәсімдері аяқталғаннан және Банк шот ашу туралы шешім қабылдағаннан кейін жүзеге асырылады. Банк ҚР заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен клиент ұсынған құжаттар мен мәліметтер сақталатын клиенттің досьесін қалыптастырады және жүргізеді. Банктік шотты ашу кезінде Банк ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік кірістер органына хабарлама жіберуді жүзеге асырады.

90. Клиент сенімхат немесе ҚР заңнамасында көзделген өзге де құжаттар негізінде өкілге банктік шотты ашуға, жабуға, ақшалай қаражатқа билік етуге және шот бойынша құжаттарды алуға өкілеттіктер беруге құқылы.

91. ҚР шегінен тыс жерде ресімделген сенімхат, егер ҚР халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, тиісті түрде заңдастырылуға немесе апостильденуге тиіс. Шетел тілінде жасалған құжаттар орыс немесе қазақ тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге ұсынылады.

92. Банк клиент өкілінің өкілеттіктерін тексереді және өкілді сәйкестендіру әрі оның өкілеттіктерін растау үшін қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Өкілді тексеру аяқталғанға дейін Банк шот бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға құқылы.

93. Клиент өкілдің өкілеттіктерінің өзгергені немесе тоқтатылғаны туралы Банкті дереу хабардар етуге міндетті. Тиісті хабарлама алынғанға дейін Банк өкілдің бұрын берілген өкілеттіктер шегінде жасаған әрекеттері үшін жауапты болмайды.

94. Клиенттің банктік шоты бойынша операциялар банктік қызмет көрсету шарты, төлем құжаттары және өзге де құжаттар негізінде ҚР заңнамасында, осы Қағидаларда және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлер банктік шоттарды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін де, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес операциялар үшін де аша алады. Шоттың мәртебесі тиісті банктік қызмет көрсету шартының талаптарымен айқындалады.

Банктік шотты жабу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- ҚР заңнамасында және банктік қызмет көрсету шартында көзделген жағдайларда және тәртіппен клиенттің өтініші бойынша;

- Банктік қызмет көрсету шартының қолданысы тоқтатылған немесе ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен оны орындаудан бас тартылған жағдайларда Банктің бастамасы бойынша.

97. Банктік шотқа қойылатын орындалмаған талаптар, соның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе ақшалай қаражатқа тыйым салу (арест) салу туралы шешімдері болған кезде, ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, банктік шотты жабуға жол берілмейді.

Клиенттің банктік шотын жабу кезінде Банк ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік кірістер органдарына хабарлама жіберуді жүзеге асырады.

99. Банк корреспонденттік шоттарды, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік

төлемдерді, ҚР Әлеуметтік кодексінің 112-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес берілетін материалдық көмекті, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды асырап-бағуға арналған ақшаны) алуға арналған банктік шоттарды, сондай-ақ «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» ҚР Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтаушы салымы туралы шарт бойынша банктік шоттарды, жеке тұрғын үй қорындағы жалдамалы тұрғын үй ақысын төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жазуға арналған банктік шоттарды, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан есепке жазылатын біржолғы зейнетақы төлемдерін, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан мемлекеттік бюджеттен және (немесе) қайырымдылық ұйымдарынан материалдық нұқсанды өтеуді және қажетті көмек көрсетуді есепке жазуға арналған банктік шоттарды қоспағанда, банктік шоттарды ашудан бас тартуға құқылы.

100. Банк банктік шоттаран ашудан бас тартуға құқылы:

- Салық кодексіне сәйкес әрекетсіз деп танылған салық төлеушіге;
- Банкте ашық банктік шоты бар, оған салық органдары инкассолық өкімдер немесе салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер қойған салық төлеушіге;

- Салықтық берешегі, әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі бар салық төлеушіге. Бұл ретте салықтық берешегі, әлеуметтік төлемдер бойынша берешегі бар салық төлеушінің келісімі болған жағдайда, Банк осындай банктік шот бойынша шығыс операцияларын салықтық берешек, әлеуметтік төлемдер бойынша берешек толық өтелгеннен кейін, соның ішінде салық төлеуші берешектің осы түрлерін аталған банктік шоттан аудару арқылы жүзеге асыру шартымен банктік шот ашуға құқылы.

- егер клиент, оның өкілі, бенефициарлық меншіктенуші, пайда алушы не клиентпен байланысты өзге тұлға ҚР заңнамасына, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің міндетті шешімдеріне, халықаралық шарттарға, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына, сондай-ақ Банк үшін міндетті шетелдік мемлекеттік органдар мен реттеушілердің талаптарына сәйкес қолданылатын санкциялық тізімдерге не шектеу сипатындағы өзге де тізімдерге енгізілген болса;

- КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ туралы Заңда, FATCA Заңында белгіленген өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншіктенушілерін тиісінше тексеру жөніндегі шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда;

- клиент жарамсыз және/немесе шынайы емес (немесе бұрмаланған) мәліметтерді және/немесе құжаттарды ұсынған кезде;

- клиентті сәйкестендіру және бенефициарлық меншіктенушіні анықтау үшін қажетті мәліметтерді және/немесе құжаттарды, сондай-ақ салықтық резиденттігі, қызмет түрі және жүргізілетін операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді клиент ұсынбаған жағдайда.

101. Эскроу-шот клиенттің өтініші негізінде үшінші тұлғаның атына ашылады, бұл ретте аталған тұлғаның банктік шот бойынша шығыс операцияларын жүргізу құқығы клиент айқындаған шарттар басталғанға немесе оларды орындағанға дейін шектеледі. Эскроу-шотты жүргізу тәртібі, ол бойынша операцияларды жүзеге асыру мерзімдері, Банктің эскроу-шот бойынша қызмет көрсетуінің өзге де шарттары, сондай-ақ тараптар арасындағы қатынастарды реттеу клиент, Банк және үшінші тұлға арасындағы жеке банктік шарттың нысаны болып табылады. Клиентке қызмет көрсетудің осындай жеке шартта ескерілмеген шарттары осы Қағидалармен реттеледі. Эскроу-шот шартының тараптары «депозитор», «эскроу-агент» және «бенефициар» болып табылады. Бұл рәсім депозитордың мүлкі мен ақшалай қаражатын эскроу-агентке беруінен тұрады, ал эскроу-агент оларды депозитор мен бенефициар арасындағы келісімде көзделген міндеттемелер орындалғаннан

кейін бенефициарға берілгенге дейін эскроу-депозит ретінде ұстап тұрады.

102. Эскроу-шот шартында мынадай ақпарат болуға тиіс:

- клиенттің, Банктің және контрагенттің атауы мен мекенжайлары;
- эскроу-депозит ретінде ұсынылатын сома;
- қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын ақшалай қаражат аударылатын банктің деректемелері;
- егер Банк сыйақы есептеуді көздейтін шот ашуға міндетті болса, онда оны төлеу шарттарын көрсетуі қажет;
- Банк эскроу-шот шарты бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыра алатын шарттар;
- Эскроу-шот шартының шарттарын орындау мерзімдері;
- Эскроу-шот шартының шарттарына сәйкес қаражат ұсынылатын тұлғалар туралы ақпарат;
- эскроу-шот шартында көзделген шарттар орындалмаған кездегі Банктің міндеттері.

11. Тарау. Корреспонденттік шоттарды ашу және жүргізу

Корреспонденттік шоттарды ашуды және жүргізуді Банк ҚР заңнамасына, осы Қағидаларға және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жасалған банктік қызмет көрсету шарты негізінде жүзеге асырады. Корреспонденттік шоттарды ашқаны және оларға қызмет көрсеткені, сондай-ақ олар бойынша операцияларды жүргізгені үшін Банк осы Қағидаларға қосымшаларда көрсетілген Банк тарифтеріне сәйкес комиссиялар алады.

Корреспонденттік шотты ашу үшін банк-респондент ҚР заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және Bank of China тобының талаптарында көзделген құжаттар мен мәліметтерді ұсынады. Банк-респондент ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады, сондай-ақ олардың өзгергені туралы Банкті уақтылы хабардар етуге міндетті.

Корреспонденттік шоттар ҚР заңнамасына және Банктің мүмкіндіктеріне сәйкес ҚР ұлттық валютасында, еркін айырбасталатын және өзге де шетелдік валюталарда ашылуы мүмкін.

Корреспонденттік шоттар бойынша аударымдарды Банк белгіленген операциялық күнді (соның ішінде төлем хабарламаларын қабылдау уақытын (cut-off time) және келісілген валюталау күндерін сақтай отырып жүзеге асырады. Аударымдарды орындау тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, корреспонденттік шот шартымен, тиісті төлем жүйелерінің қағидаларымен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.

Корреспонденттік шоттар бойынша операциялар шарт, мәмілені растау, банкаралық коммуникация жүйелері (SWIFT, CIPS) не өзге де қорғалған байланыс арналары арқылы берілген хабарламалар негізінде жүзеге асырылады. Қорғалған байланыс арналары арқылы берілген электрондық хабарламалар, сондай-ақ мәміленің елеулі шарттарын қамтитын телефон арқылы сөйлесулердің жазбалары мәміленің тиісті түрде расталуы деп танылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына әрі Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес толық заңды күші болад

Операцияларды, мәмілелерді жүзеге асыру кезінде Банк халықаралық стандарттарды басшылыққа алады. Банкаралық есеп айырысулар банкаралық коммуникация жүйелері арқылы алынған нұсқаулықтарға сәйкес корреспонденттік шоттар арқылы жүзеге асырылады.

12.Тарау. Банктік қарыз операцияларына байланысты қаржылық өнімдерді ұсыну шарттары.

Банк банктік қарыз операцияларын ҚР заңнамасына, осы Қағидаларға, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және Банктің уәкілетті органдарының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

110. Банк заңды тұлғаларға банктік қарыздарды Банктің бекітілген өнімдік желісі шеңберінде ақылы, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен береді.

111. Банк банктік қарыздарды өзінің меншікті қаражаты есебінен береді, сондай-ақ агент және/немесе кредитор ретінде синдикатталған қаржыландыруға қатыса алады. Заңды тұлғаларды кредиттеудің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- ағымдағы қызметін қаржыландыру;
- айналым қаражатын толықтыру;
- негізгі құралдарды сатып алу және инвестициялық қаржыландыру;
- жобалық қаржыландыру;
- берешекті қайта қаржыландыру;
- Банктің кредиттік саясатында көзделген өзге де мақсаттар.

113. Банктік қарыздарды беру шарттары, соның ішінде қарыз сомалары, мерзімдері, валютасы, сыйақы мөлшерлемелері, комиссиялар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар және кредиттеудің өзге де шарттары қарыз алушының қаржылық жағдайына, кредиттеу мақсаттарына, тәуекел деңгейіне және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген өзге де факторларға байланысты жеке тәртіппен айқындалады.

Банктік қарыз алуға өтінімді қарау қарыз алушы ұсынған құжаттар мен мәліметтер негізінде, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Өтінімді қарау процесінде Банк қарыз алушының қаржылық жағдайына, оның несие қабілеттілігіне, қаржыландыру мақсаттарына, қарызды өтеу көздеріне, ұсынылатын қамтамасыз етуге және банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалу мүмкіндігіне әсер ететін өзге де факторларға бағалау жүргізеді.

Өтінімді қарау нәтижелері бойынша Банктің уәкілетті алқалы органы банктік қарызды беру туралы немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Банк клиентке қабылданған шешім туралы Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен хабарлайды.

Банктік қарызды беру Банк пен қарыз алушы арасында банктік қарыз шарты жасалғаннан, шартта көзделген талаптар орындалғаннан, соның ішінде қажетті құжаттар ұсынылғаннан және қамтамасыз ету ресімделгеннен кейін (бар болса) жүзеге асырылады.

Банктік қарыз шарты жасалғанға дейін Банк қарыз алушыға қарызды берудің негізгі шарттары туралы, соның ішінде сомасы, валютасы, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, комиссиялар, қамтамасыз етуге қойылатын талаптар және өзге де елеулі шарттар туралы ақпарат береді.

120. Банктік қарыз шарты жазбаша нысанда жасалады және онда ҚР заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шарттар қамтылады.

121. Банктік қарыз шартының шарттарын өзгерту тараптардың келісімі бойынша не ҚР заңнамасында және банктік қарыз шартында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

122. Банктік қарыз шартын бұзу тараптардың келісімі бойынша не ҚР заңнамасында және банктік қарыз шартында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

123. Банктік қарыз бойынша қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы Қағидалардың 7-тарауымен айқындалады.

Банктік қарызды беру ақшалай қаражатты қарыз алушының банктік шотына аудару арқылы не банктік қарыз шартында көзделген өзге де тәсілмен жүзеге асырылады.

Қарыз бойынша сыйақы қарыз берілген күннен бастап қарыз алушының нақты берешек сомасына банктік қарыз шартында белгіленген тәртіппен және мөлшерде есептеледі.

Негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды және өзге де төлемдерді өтеуді қарыз алушы банктік қарыз шартында және төлемдер кестесінде көзделген мерзімдерде және тәртіппен жүзеге асырады.

Қарыз алушы банктік қарыз шартында және ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге құқылы.

Мерзімі өткен берешек туындаған жағдайда Банк қарыз алушымен өзара іс-қимылды ҚР

заңнамасында, банктік қарыз шартында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Банк қарыз алушыға мерзімі өткен берешектің бар екендігі, берешек мөлшері және банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау қажеттілігі туралы хабарлайды.

130. Берешекті реттеу мақсатында Банк қарыз алушының банктік қарыз шартының шарттарын өзгерту, берешекті қайта құрылымдау және ҚР заңнамасында әрі Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де шараларды қолдану бойынша ұсыныстарын қарауға құқылы.

131. Қарыз алушы банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Банк ҚР заңнамасында, кепіл шартында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен өндіріп алуды кепіл затына бағыттауға құқылы.

Кепілге қойылған мүлікті өткізу ҚР заңнамасында және кепіл шартында көзделген тәсілдермен және тәртіппен жүзеге асырылады.

Банктің, қарыз алушының және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қатысатын өзге де тұлғалардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі банктік қарыз шартымен, қамтамасыз ету шарттарымен және ҚР заңнамасымен айқындалады.

13. Тарау. Банктік кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша жалпы талаптар

Банк банктік кепілдіктер мен құжаттық аккредитивтерді шығаруды, авизолауды, өзгертуді, оларға қызмет көрсетуді және оларды орындауды ҚР заңнамасына, Халықаралық сауда палатасының халықаралық қағидаларына (URDG 758 және UCP 600), сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Банк банктік кепілдіктермен мынадай операцияларды жүзеге асырады:

- тендерлік кепілдіктерді шығару;
- міндеттемелердің орындалу кепілдіктерін (соның ішінде тендерлер нәтижелері бойынша жасалған шарттар және өзге де келісімшарттар бойынша) шығару;
- төлем кепілдіктерін шығару;
- аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтару кепілдіктерін шығару;
- басқа банктер ұсынған контркепілдіктер негізінде кепілдіктер шығару (контркепілдікпен қамтамасыз етілген кепілдіктер);
- егер кепілдік шарттарында өзгеше көзделмесе, Банктің қаржылық міндеттемелерді қабылдауынсыз басқа банктер шығарған кепілдіктерді авизолау.

136. Ұсынылған қамтамасыз етуге байланысты кепілдіктер мынадай түрлерге бөлінеді:

